



ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

## АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ АЙТАРЫ БАР

Кеше аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Қаракемер, Аса ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті. Ауылдық округ әкімдерінің есепті баяндамасын назарға алып, ауылдағы ағайынға өткен жылы аудан көлемінде жасалған жұмыстарды баяндап, ағымдағы жылы іске асатын тірліктерді тілге тиек етті. Жергілікті халықтың үніне құлақ асып, өтініштерін назарға алды.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

### ҚОҚЫС ОРНЫ АУЫСА МА?

Қаракемер ауылдық клубында өткен жиында әуелі ауылдық округ әкімі Жәнібек Әуелбаев есеп берді. Ұзатылған жылы Қаракемер ауылындағы орталық көшенің бұрылысына жол жабындысы төселгенін, «Тараз-Саудақент» автожолы бойы, Б.Сабаев көшесі жарықтандырылғанын, Бейбітшілік, Көшербай көшелеріне жарықшамдары орнатылғанын,

үстіміздегі жылы ауылдағы Б.Сабаев көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынып жатқанын, орталық спорт алаңы қоршалатынын, «Тараз-Саудақент» автожолы бойындағы жарықшамдарының сымдары ауыстырылатынын сөз етті.

Кездесуде ауылдағы ағайын түйткілді әрі бәріне ортақ өзекті мәселеге, яғни ауылдан бірнеше шақырым жерде орналасқан қоқыс орнын ауыстыру мәселесіне баса мән беріп, жайылым жер, қоршаған орта ластанып жатқанына шағымданды. Аудан әкімінің қоқыс орнын ауыстырып беруін өтінді. Көптің көкейтестісіне үн қатқан өңір басшысы қоқыс



орны ауыспайтынын, жауапты тұлғаларға ол жерді тазалауға, барынша таза ұстауға тапсырма бергенін қадап айтты. Сондай-ақ,

ветеринария, денсаулық сақтау, құқық қорғау салаларына қатысты айтылған шағымдарды, Шымырбай көшесіндегі тозығы жеткен электр

бағаналарын ауыстыру керектігін назарға алды.

### КӨШЕ ЖОЛДАРЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Аса ауылындағы М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінде өткізілген кездесуде ауылдық округ әкімі Талғат Бөлекбаев былтырғы жылы жасалған, осы жылы қолға алынған тірліктер турасында баяндады. Ауылдағы Қойгелді көшесінің 1-ші және 2-ші бұрылыстарына қиыршық тас, Темір жол көшесінің №1 және №2 көппәтерлі тұрғын үйлердің кірме жолына жол жабындысы төселгенін, су мұнарасына кіреберіс жол жөнделгенін, Ғ.Мұратбаев көшесіне балалар ойын алаңшасы орнатылғанын, аудандық мәдениет үйі ауласындағы ескерткіш ағымды жөндеуден өткенін, айналасына 2000 түп қарағаш егілгенін айтты.

→ 2

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!



## БАЛАМАСЫЗ ОНЛАЙН ФОРМАТ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы өңір тұрғындарына тұрғылықты жері бойынша тіркеу қызметінің толықтай онлайн форматқа ауыстырылғанын және Халыққа қызмет көрсету орталықтарына (ХҚКО) міндетті түрде баруды қажет етпейтінін еске салады.



байланысты», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры Батырхан Токтағұл.

Айта кетейік, интернетке қол жеткізе алмайтын немесе көмекке мұқтаж азаматтар үшін ХҚКО бөлімшелерінде өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары қарастырылған. Қажет болған жағдайда қызметкерлер өтінім беру кезінде кеңестік қолдау көрсетеді.

Онлайн форматқа көшу мемлекеттік қызметтерді алу жылдамдығын арттыруға және азаматтар үшін барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Інкәр СҮЛЕЙМЕН, аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының жетекші маманы.

2025 жылғы 19 қарашадан бастап қызмет толықтай онлайн форматқа көшіріліп, тек қашықтан электрондық үкімет порталы, eGov Mobile мобильді қосымшасы, сондай-ақ банк қосымшалары арқылы көрсетіледі. Жаңа автоматтандырылған рәсім қызметті жылдам, ыңғайлы және артық уақыт шығындарынсыз рәсімдеуге мүмкіндік береді.

«Сонымен қатар, тіркеу кейбір жағдайларда офлайн форматта — тікелей ХҚКО бөлімшелерінде жүзеге асырылады. Бұл тұрғын үй иелері немесе ортақ иелері кәметке толмаған балалар болғанда, сондай-ақ сотпен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты жағдайларға



## Қарашаңырақтың шамы сөнбесін

Мен «Шұғыла-Радуга» газетінің табалдырығын 2011 жылы аттадым. Оқуды жаңа ғана аяқтап, үлкен өмірге енді қадам басқан кезім еді. Қолымда диплом болғанымен, тәжірибе жоқ, өзіме деген сенім де толық емес болатын. Сол кезде аудандық газетке келу мен үшін үлкен мүмкіндік десем де болады.

Газеттің сол кездегі бас редакторы, бүгінде ардагер журналист Сансызбай Махамбетқұлов еді. Бастапқыда «Жастар практикасы» арқылы алты ай жұмысқа қабылдандым. Басында бәрі қызық әрі қорқынышты көрінді. Газет жұмысының ішкі тіршілігі, мақаланың қалай жазылатыны, тапсырманың қалай берілетіні – бәрі мен үшін жаңа дүние болды. Алты ай тәжірибе де тез өте шықты. Сол уақыт аяқталғанда Сансызбай ағай мені алып қалуға



Мархабат КӨПБОСЫНОВА, «Шұғыла-Радуга» газетінің 2011-2014 жылдар аралығындағы тілшісі.

тырысты. «Жергілікті кадр өз жерінде қалғаны дұрыс» деп мен үшін шыр-пыр болғаны әлі есімнен кетер емес. Сол кезде мен өзімді ортаға, газетке керек адамдай сезініп, салада алға жылжуыма, болашаққа нық қадам басуыма сеп болды.

→ 3

## ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «КАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

KAZPOST

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



МЕРЕЙ

# БЕЛСЕНДІ АЗАМАТҚА – ЕЛЕУЛІ МАРАПАТ

Апта аралығында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы мен аудандық мәслихат төрағасы Мұхтар Шайдаев 15 наурызда өткен Республикалық Референдумды ұйымдастыру мен өткізуге айрықша үлес қосқаны үшін аудандық аумақтық референдум комиссиясының хатшысы Орынбасар Затыбековке Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын табыстады.



«Сіз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын сапалы дайындауға, оны қабылдау жөніндегі жалпыхалықтық референдумды ұйымдастыруға және өткізуге айрықша атсалыстыңыз.

Азаматтық берік ұстанымыңыз арқылы мемлекеттік басқару құрылымын жетілдіруге, игі бастамаларды жүзеге асыруға елеулі үлес қостыңыз.

Ел келешегі жолындағы қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаға белсенді қатысқаныңыз үшін Сізге алғысымды білдіремін» делінген құттықтау хатта.

Өңір басшысы марапат иесіне кәсіби табыс, отбасына амандық және алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

«Шұғыла»-ақпарат.

ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Сәрсенбі күні Аса ауылындағы «Жастар ресурстық орталығында» аудандық мәслихаттың депутаттары Рабат Сәрсенов, Бақытжан Наметтула жергілікті тұрғындармен кездесіп, есепті мерзімде атқарылған жұмыстардан хабардар етіп, өтініш-тілектерін назарға алды.

# КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ЕСКЕРІЛЕДІ



Полатұлы мәслихат депутаттары жергілікті халықтың игілігі үшін аянып қалмайтынын, игілікті істерге үн қосып, қолдау көрсетіп жатқанын жеткізді. Тұрғындардың интернетке, автожолға, егінсуға, көше кезіп жүрген қаңғыбас иттерге, бала тәрбиесіне қатысты айтқан ескертпелеріне мән берді.

Жиында аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаев өңірдегі өзекті әрі түйткілді мәселелердің шешілуіне депутаттар да мүдделі екенін алға тартса, «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков партия тарапынан жүргізіліп жатқан



ХАБАРЛАНДЫРУ

## Шу-Талас бассейндік су инспекциясы мамандары суғару маусымында тексеру жүргізетінін хабарлайды

Қазақстан Республикасының жаңа Су кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес су ресурстарын пайдалану тәртібі күшейтіліп, табиғи су көздерін қорғауға бағытталған нақты талаптар белгіленді. Соның ішінде, Су кодексінің 45-бабына сәйкес өзендерден және жер асты ұңғымалары арқылы су алатын шаруа қожалықтары үшін арнайы су пайдалану рұқсатын алу міндетті болып табылады.

Арнайы су пайдалану – бұл су объектілерінен (өзен, көл, су қоймасы) немесе жер асты көздерінен (ұңғыма, скважина) суды шаруашылық, өндірістік немесе ауыл шаруашылығы мақсатында алу кезінде берілетін ресми рұқсат.

Бұл рұқсат су ресурстарын бақылаусыз пайдалануды болдырмау, экологиялық тепе-теңдікті сақтау және су қорларын ұтымды басқару мақсатында

енгізілген.

Су кодексінің 45-бабына сәйкес төмендегі субъектілер міндетті түрде рұқсат рәсімдеуі қажет:

– өзендерден су алатын шаруа қожалықтары;

– ұңғымалар (скважина) арқылы жер асты суын пайдаланушылар;

– егін суару және басқа да өндірістік мақсатта су пайдаланатын барлық тұлға.

Арнайы су пайдалану рұқсатынсыз су алу заң бұзушылық болып табылады. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес айыппұл салынып, су пайдалану қызметі тоқтатылуы мүмкін. Шу-Талас бассейндік су инспекция мамандары 2026 жылы суғару маусымында (25.04.2026-01.09.2026 ж.) аралығында

тексеру жүргізетінін хабарлайды.

Арнайы су пайдалану рұқсатын алу үшін жергілікті атқарушы органдарға немесе су ресурстарын реттейтін уәкілетті органдарға жүгіну қажет. Құжаттарды рәсімдеу барысында су пайдалану көлемі, мақсаты және техникалық сипаттамалар ескеріледі.

Су кодексінің 45-бабы – су ресурстарын тиімді әрі әділ пайдалануға бағытталған маңызды құқықтық норма. Шаруа қожалықтарын заң талаптарын сақтауға және арнайы су пайдалану рұқсатын рәсімдеуге шақырамыз. Бұл – табиғатты қорғау мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Шу-Талас бассейндік су инспекциясы.

Соңы. Басы 1-бетте



# АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ АЙТАРЫ БАР

Сонымен қатар Қуат каналының жиектері қоршалатыны, «Таза Қазақстан» акциясы аясында Аса ауылындағы 1 гектар жерге 1667 түп қарағаш көшеті отырғызылғаны, биыл Аса және Рахат ауылдарындағы көше жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізілетіні, Рахат ауылындағы шағын футбол алаңының қоршауы жөнделіп, жасанды газон төсемін орнату жұмыстары жүргізіліп жатқаны, алаңның жанынан

балалар ойын алаңын орнату жоспарланғаны, Аса ауылындағы Ы.Алтынсарин көшесіне балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары басталғаны айтылды.

Жиында ауыл белсенділері кәріз су жүйелері ескіргенін, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке барар жол бойына жол белгілерін орнату қажет екенін, мектептерде астамшылыққа жол беруге болмайтынын, қарапайым

азаматтардың кәсіпкерлікпен айналысуына қолдау білдірілуін тілге тиек етіп, аудан әкімі мен ауылдық округ әкіміне жергілікті халықтың игілігі жолындағы еңбегі үшін алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді.

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы асалықтар тарапынан көтерілген мәселелер ескерусіз қалмайтынын, өзектілігіне қарай кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Келелі кездесуде Бақытжан Ахметуллаұлы мәслихат сессияларында, комиссия отырыстарында қаралған, халық қалаулыларының ықпалымен шешімін тапқан мәселелерді сөз етсе, Рабат

жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар кездесуге арнайы келген облыстық мәслихаттың депутаты Бегалы Ералиев облыс көлемінде жасалған жұмыстарды тілге тиек етіп, тұрғындардың өтініштеріне құлақ асты. Жергілікті жұрттың тілектерін қанағаттандыру ең басты мақсат екенін және олар тарапынан көтерілген мәселелер ескерілетінін, маңыздылығына қарай кезең-кезеңімен шешілетінін айтты.

## Жамбыл ауданы әкімдігінің ХАБАРЛАМАСЫ

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 8 сәуірдегі №8 қаулысына сәйкес 2026 жылдың 17 мамырына тағайындалған Ерناзар ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлары мен үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындары.

Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлары

№	Елді мекен атауы	Кандидаттармен кездесу өтетін орын
1.	Ерназар ауылы, Әбдіхайым көшесі №52	Кейкиев атындағы орта мектептің ғимараты

Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

№	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1.	Ерназар ауылы, Әбдіхайым көшесі №46, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ерназар ауылдық кітапханасы ғимаратының алдындағы қалқан

## СООБЩЕНИЕ акимата Жамбылского района

Согласно постановлению Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии №8 от 8 апреля 2026 года, помещения и места для размещения агитационных печатных материалов, предоставляемые на договорной основе для встреч кандидатов на выборах акима Ерназарского сельского округа, назначенных на 17 мая 2026 года, с избирателями.

Помещения, предоставляемые на договорной основе для встреч кандидатов на выборы акима Ерназарского сельского округа с избирателями

№	Адрес	Место проведения встреч с кандидатами
1.	Село Ерназар, улица Абдыхайым №52	Здание средней школы имени Б.Кейкиева

Места для размещения агитационных печатных материалов для кандидатов на выборы акима Ерназарского сельского округа

№	Места размещения агитационных печатных материалов
1.	Село Ерназар, улица Абдыхайым №46, щит перед зданием Ерназарской сельской библиотеки коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.



# Алғашқы еңбек мектебім

Редакцияға бой үйретпей-ақ, алғашқы күннен ұжымға сіңіп кеттім. Ешқайсысы мені жатырмады. Тез тіл табысып кеттік. Үлкендер жағы қызындай, қарындасындай көрсе, өзіммен жасы шамаластар достық кейіп танытты. Аз уақыт ішінде Сансызбай ағай басшылық еткен ұжым үлкен бір отбасы екенін түсіндім. Әріптестер арасындағы қарым-қатынас тәрбие, сыйластық, құрметке негізделгенін аңғардым. Журналистика саласындағы жұмыстың қыр-сырын үйрендім. Тілшілік тек жазу ғана емес, өмірдің өзін, түрлі саланы тану екенін ұғындым. Берілген әрбір тапсырманың жауапкершілігін сезіндім. Осылайша, жас маман ретінде қалыптастым.

Аудандағы түрлі іс-шараларға қатысып, халықтың тыныс-тіршілігін көзбен көріп, оны оқырманға жеткізу жолында алдыңғы буын ағалар Дүйсенбек Орманов пен Нұрым Сырғабаевтың көмегі ерекше болды. Олар маған білгенін үйретіп, тәжірибесімен бөлісіп, мақала жазу барысында батыл болуды талап етті. Бірде қоғамдағы өзекті мәселе, яғни маскүнемдік пен ішкіліктің зияны туралы мақала жазатын болдым. Неден бастарымды білмедім. Ағалар жағы «Ойыңда не бар,

2017 жылдың шілде айында М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Филология» мамандығы бойынша тәмамдап, қолыма дипломымды алдым. Әлі оң-солын танып үлгермеген шағым. Бар ойым – мамандық бойынша жұмысқа орналасу. Ол кезде жас мамандар «Жұмыспен қамту» мемлекеттік бағдарламасы арқылы алты айға жұмысқа орналасатын. Аудандық «Халықты жұмыспен қамту орталығына» барып, тіркеліп, қажетті құжаттарды тапсырдым. Орталық мамандары өзіміз хабарласамыз деп шығарып салды. Айтқандай-ақ, бірнеше күннен кейін хабарласты. Аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясына тілші болып баратынымды айтты. Жағымды жаңалыққа қуанып қалдым. Дегенмен іштей қобалжыдым. Қалай болады екен деген ой мазалады. Неде болса, берілген мүмкіндікті пайдаланып, жұмыс істеп көрейін дедім. Ертесіне, аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің табалдырығын аттадым. Газеттің сол кездегі редакторы Сансызбай Махамбетқұловқа жолығып, мән-жайды түсіндіріп айттым. Ол кісі маған жылы шырай танытып, жұмысқа қабылдады.



соны жаз» деп жігер берді. Содан кейін ойымды еркін, анық әрі сауатты жеткізетін болдым.

Редакциядағы ерекше естеліктердің бірі – Дүйсенбек ағайдың бүркеншек аты. Бастапқыда, газет беттерінде жарияланатын мақалалардың астындағы «П. Лесин» деген автордың кім екенін білмедім. Соны білу маған жұмбақ әрі қызық еді. Әріптестерімнен маған қызықты автор туралы сұрастыра бастадым. Олар маған күліп жауап берді. Сөйтсем, мен іздеген автор күнде балдыз деп еркелететін өзімнің Дүйсенбек ағайым екен. Әріптестерімнің айтуынша, «П.Лесин» бүркеншек аты Дүйсенбек Ормановтың есімін орыс тіліне аударғаннан пайда болған екен. Нақтырақ айтқанда, Дүйсенбек – Понедельник, Орманов – Лесин. Қоса айтқанда, П.Лесин. Бүгінде келмеске кеткен дәу ағаның жарқын бейнесі жадымда сақта-



Іңкәр СҮЛЕЙМЕН,  
«Шұғыла-Радуга»  
газетінің 2017-2018 жылдар  
аралығындағы тілшісі.

лып тұр. Шын мәнінде де, жақсы адам еді. Басылымдағы жас буынға ағалық ізетін көрсетіп, зейнетке шыққанша жастарға бар білгенін үйретті. Бір өзі газеттің бір бұрышын көтерді. Бізге тілші қандай болуы керек екенін күнделікті жасайтын жұмысымен ұғындырды.

Аудан айнасы, өңір баспасөзінің қарашаңырағы – «Шұғыла-Радуга» газетінің 60 жылдық мерейтойы құтты болсын! 60 жылдан бері аудан тынысын дәуір үнімен, уақыт сынымен бейнелеп, кешегі мен бүгіннің арасын жалғап жатқан басылымның алдағы уақытта да өңірдің, жергілікті халықтың мұрат-мақсаты мен қоғам дамуына лайықты үлес қоса береді деп сенемін. Газет ұжымына зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілеймін.

Соңы. Басы 1-бетте

## Қарашаңырақтың шамы сөнбесін

Бас редактор тарапынан маған тапсырма берілмей қалса, өзім барып, «маған да жұмыс беріңізші» деп өтініп сұрайтыным да есімде. Өйткені маған тапсырма берілмеген күні өзімді маған сенген үдеден шықпай жүргендей сезініп, жылап қалағымын. Қазір сол жылы естеліктерді күліп еске алып отырамын.

Ең алғашқы мақалам да әлі күнге дейін есімде. Оны жазу маған өте қиын болды. Үш күн бойы ойланып, кітап пен газет ақтарып, әр сөйлемді қайта-қайта түзеп отырып жаздым. Өзімше жақсы жаздым деп ойлады. Бірақ корректор Гуля апа тексеріп бергенде, беті қып-қызыл болып кетті. Қай жерін қарасам да түзету. Сол кезде қатты қысылып, тіпті намыстанғаным да бар. Қазір ойласам, сол жағдай маған үлкен сабақ болған екен. Сол түзетулердің арқасында біртіндеп жазуды үйрендім. Жалпы басылымда жұмыс істеу маған тек кәсіби тәжірибе ғана емес, өмірлік сабақ та берді. Үлкендермен сөйлесу, адамдармен тіл табысу, жауапкершілікті сезіну – осының



бәрін осы жерде үйрендім. Әсіресе, Гуля апа, Байтанағали Төлентаев, Дүйсенбек Орманов, Сейсенбек Айтбаев сынды аға-әпкелеріміздің ақыл-кеңестері көп көмектесті.

2014 жылға дейін осы

ұжымда жұмыс істедім. Кейін қалаға жұмысқа шақырту алдым. Сол кезде кету оңай болған жоқ. Бір жағынан, жаңа мүмкіндіктер күтіп тұрды, екінші жағынан, үйреніп қалған орта, өз ұжымымды қимайтынмын. Сонымен қатар Сансызбай

ағайдың «жергілікті кадрдың қалғаны дұрыс» деген сөзі есіме қайта-қайта түсіп, өзімді сатқын сияқты сезінетінмін. Бірақ өмір өз жолымен жалғасады екен. Қалада, облыста медиа саласында жұмыс істеп, көп тәжірибе жинадым. Телеарнада

да, басқа да салаларда еңбек еттім. Ол жақта да көп нәрсе үйрене келе, туған жерге қайта оралу мүмкіндігі туды. Себебі менің санамда қалған Сансызбай Бертайұлының айтқанындай, жергілікті кадр ретінде ауданға аз да болса да перзенттік парызымды өтегім келді.

Биыл газетке 60 жыл толып отыр. Бұл жай ғана мерейтой емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі. Осы уақыт ішінде газет қаншама жастың жолын ашты. Мен үшін бұл ұжым тек жұмыс орны емес, бұл – қарашаңырақ. Мұнда сыйластықтың алтын көпірі үзілмей, буындар сабақтастығы жалғасып келеді. Осында еңбек жолымды бастап, өмірлік тағылымы мол жандармен иық тірестіре жұмыс істеп, солардан үйренгенім – менің ең үлкен байлығым болып қала бермек. Әріптестерімнің ақыл-кеңесі, ағалық қамқорлығы мені шыңдап, өмірдің түрлі белестерінен сүрінбей өтуіме себеп болды. Алпыс жылдық тарихы бар басылымның бір бөлшегі болғанымды тағдырдың маған берген сыйы деп білемін. Қалам ұстатқан қасиетті ордаға деген алғысым шексіз. «Шұғыла-Радуга» әлі талай жасқа жол сілтеп, талай жүрекке жарық сәуле шаша беретініне сенемін.

Қарашаңырақтың шамы сөнбесін, шұғыласы мәңгілік жарқырай берсін!

## КЕЗДЕСУ



Аружан КҮНТУБАЙ

Осы ретте Отбасын қолдау орталығының ұйымдастыруымен мобильдік топ мүшелеріне арналған арнайы оқыту-тәжірибелік кездесу өткізілді. Аудандық білім бөлімі, емхана қызметкерлері, мансап орталығы, аудан әкімдігі жанындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі орталығының қызметкерлері, пробация қызметінің өкілдері және өзге де мүдделі мекемелердің мамандары қатысқан шарада FSM Social мобильдік қосымшасының мүмкіндіктерін кеңінен таныстыру және оны тәжірибеде тиімді қолдану жолдары таныстырылды. Ол – әлеуметтік сала мамандарының жұмысын

# FSM Social – цифрландырудың тиімді құралы

**Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру, отбасы институтын нығайту және әлеуметтік қызметтердің сапасын жетілдіру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы ретте цифрлық технологияларды тиімді енгізу арқылы әлеуметтік қолдау көрсету тетіктерін жаңғырту – күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің қатарында.**

жүйелеуге, деректерді жедел өңдеуге және ведомстваралық өзара іс-қимылды үйлестіруге арналған заманауи цифрлық платформа. Жүйенің басты ерекшелігі – әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар туралы мәліметтерді бір орталықтандырылған базаға жинақтап, олардың жағдайын тұрақты бақылауға мүмкіндік беруінде.

Басқосуға аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова қатысып, әлеуметтік саладағы цифрландыру үдерісі уақыт талабы екенін жеткізді. Ол өз сөзінде аталған платформаны тиімді пайдалану арқылы халықпен кері байланысты нығайтып, әлеуметтік көмекті нақты қажеттілікке сай бағыттауға және жұмыстың нәтижелілігін арттыруға болатынын айтты.

Ал Отбасын қолдау орталығының директоры Эльвира Көшкінбаева платформаның тетіктері мен жұмыс істеу қағидадарына тоқталып өтті.

– Платформада әрбір отбасыға жеке «әлеуметтік карта» қалып-

тастырылады. Бұл картада отбасының әлеуметтік мәртебесі, тұрмыстық жағдайы, табыс көздері, жұмыссыздық деңгейі, денсаулық жағдайы және өзге де маңызды көрсеткіштер қамтылады. Осы мәліметтер негізінде жүйе автоматты түрде талдау жүргізіп, отбасының әлеуметтік тәуекел деңгейін айқындайды. Нәтижесінде қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтар ерте кезеңде анықталып, тиісті мемлекеттік органдар тарапынан қажетті қолдау шараларын жедел ұйымдастыруға жол ашылады.

Қосымшасының тағы бір маңызды артықшылығы – көрсетілетін қызметтердің толық тарихын тіркеу мүмкіндігі. Яғни, әрбір отбасы бойынша жүргізілген жұмыстар кезең-кезеңімен жүйеде сақталып, мамандарға нақты шешім



қабылдауға негіз болады.

Сонымен қатар, платформа есептік жүргізу, мәліметтерді жаңарту және талдамалық есептер қалыптастыру үдерістерін автоматтандырып, адами фактордың ықпалын азайтады. Жүйе ведомстваралық байланысты нығайтуда да айрықша рөл атқарады. Білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және құқық

қорғау салаларының мамандары бір ортақ ақпараттық алаңда жұмыс істей отырып, өзара жедел мәлімет алмаса алады. Бұл әрбір отбасының мәселесін кешенді қарастыруға және нақты нәтижеге бағытталған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, – деген Эльвира Бектібайқызы платформа арқылы әлеуметтік қолдау шараларының тиімділігі арқасында әрбір азаматтың жағдайы дер кезінде зерделеніп, жүйелі түрде шешімін табуына жол ашылатынын атап өтті.

Кездесу барысында қатысушыларға қосымшадағы отбасы картасын қалыптастыру, әлеуметтік мәртебесін айқындау, қызмет көрсету тарихын енгізу, мониторинг жүргізу және әрбір жағдай бойынша атқарылған жұмыстарды бақылау тетіктері көрсетілді. Мамандар практикалық тұрғыда жұмыс істеу алгоритмдерін меңгеріп, нақты мысалдар негізінде деректерді енгізу, талдау жасау және шешім қабылдау жолдарын тәжірибе жүзінде пысықтады.

Жиын барысында сала өкілдері өзара пікір алмасып, күнделікті қызмет барысында кездесетін өзекті мәселелерді талқылады. Ортақ талқылау нәтижесінде ақпараттық жүйелерді тиімді пайдалану арқылы жұмысты жетілдірудің және ведомстваралық байланысты күшейтудің маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Кездесу қорытындысында қатысушылар бірлескен жұмысты жандандыру, ақпарат алмасу үдерісін жетілдіру және осындай оқыту-тәжірибелік іс-шараларды тұрақты түрде өткізу жөнінде ортақ келісімге келді.

## ӨНЕР

## Шығармашылықтың шырағын жаққан орта

**Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, олардың бойындағы қабілеттерін ерте жастан анықтау, шығармашылыққа баулу және өнерге деген қызығушылығын арттыру – басты мақсаттардың бірі. Үйірме жұмыстары арқылы өрендер ән, би, сурет, қолөнер және өзге де өнер түрлеріне қадам жасап, алғашқы кәсіби машықтарын қалыптастыруға мүмкіндік алуда. Осы ретте аудандық мәдениет үйінде «Бала ART» атты үйірмелерге қатысушы балалар арасында үздік деп танылған өнерпаздарды марапаттауға арналған қорытынды кеш өтті. Өнер мен өрелі руханиятты ұштастырған бұл тағылымды жиын «Айшабибі» би тобының әсем биімен түрілді.**

Аружан КҮНТУБАЙ

Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова, аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жансая Оспанова, аудандық мәдениет үйінің директоры Индира Тоғанбаева жас өнерпаздардың шығармашылық жолына сәттілік тіледі.

Ауыл арасындағы таланттарды танып, оларды үлкен сахнаға жетелеу, бойындағы беказ өнердің шоғын үрлеп, шеберлігін шыңдау, сондай-ақ жас буынның бос уақытын мәнді де мағыналы арнаға бұру мақсатында өткен кеш барысында вокал, хореография, домбыра, көркемсөз оқу, қылқалам



және қолөнер шеберлігі бағыттары бойынша үздік деп танылған жас өнерпаздар сахна төрінде өнерлерін

өрнектеп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әр номинацияда ауданның әр ауылдық округтерінен

келген талапкерлер өздерінің тегеурінді дайындығын көрсетіп, өнердің сан қырлы қазынасын паш етті.

Атап айтқанда, вокал жанрында ауыл-аймақтан келген жас әншілер көмейінен күмбірлеген әуез төгіп, сахнаға жан бітірсе, хореография номинациясында «Балауса», «Ерке», «Ақкербез», «Ханшайым» би ұжымдары «Әлкиса», «Дореми», «Үнді», «Өзбек», «Ұйғыр», «Қызғалдақ», «Шығыс биі» сынды сан алуан нақыштағы билерді сахналады. Ал көркемсөз оқу номинациясында «Туған жер», «Үш бақытым», «Мен таулықпын», «Анашым», «Жігіттер мақтанбалық» сынды жүрекке жылы тиер туындыларды оқып, домбыра үйірмесінің жас өнерпаздары қос ішekten күмбірлетіп күй төкті. Қылқалам және қолөнер шеберлері өз туындылары «гүлдер құмырасы», «моншақтан жасалған сөмке» және өзге де сәндік бұйымдардан көрме ұйымдастырды.

Кеш соңында барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен Алғыс хаттар табысталды.

## СЕМИНАР

**Ескерткіштер – елдің тарихи-мәдени мұрасы, халық тарихының аса маңызды айғағы. Адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғау отыруды талап етеді.**

## ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ – ЕЛДІКТИҢ БЕЛГІСІ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Халықаралық ескерткіштер қорғау күніне орай ауылдық округ әкімдерінің және жауапты бөлім мамандарының қатысуымен «Ескерткіштер – ата мұрасы» атты семинар-кеңес өтті. Басқосуға аудан аумағындағы ескерткіштердің қазіргі жай-күйі кеңінен сөз болып, жан-жақты талқыланды.

Семинарда тарихи-мәдени ескерткіштерді жерге орналастыруға мемлекеттік АКТ-ні әзірлеу, Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай ауданға қарасты ауылдық округтердегі соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіштерге көктемгі тазалық және абаттандыру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025 жылғы 26 желтоқсанда қабылдаған

№242–VIII ҚР Заңына енгізілген өзгерістерді түсіндіру және оларды іске асыру секілді мәселелер қаралып, монументтік өнер құрылыстары мен мемориалдық тақталарды орнату тәртібі, оларға қойылатын талаптар түсіндірілді.

Сонымен қатар тарихи-мәдени мұраларды қорғау және сақтау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды одан әрі жетілдіру, тиімді тетіктерді енгізу, өзара ынтымақтастықты күшейту қажеттігіне мән берілді. Тарихи ескерткіштерді сақтау және мәдени мұраны қорғау мәселелеріне қоғамның назарын аудару мәселесі де назардан тыс қалмады.

Алға қойылған негізгі міндеттердің бірі – қоғам болып Ұлы дала халқының ұлттық құндылықтарын сақтау және болашақ ұрпаққа аманат ету. Семинар-кеңестен түйген пайымды ой осы.



МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей  
байланыс: 87765549701

Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ  
Аружан КҮНТУБАЙ  
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ  
Құрбанәлі Шахабай  
Жұматай Көксубайұлы

87059774177  
87002642761  
87474240395  
87788758489  
87088419629  
87075853423

Дизайнер-теруші:  
Бас редактордың  
орынбасары:  
Тілшілер:

2-20-24  
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде  
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,  
жарнама мазмұны үшін жауап  
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап  
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті  
редакциясында компьютерде теріліп,  
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам  
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.  
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3064 Тапсырыс №249

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,  
сәрсенбі, жұма күндері  
шығады.  
Газета выходит 2 раза в  
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:  
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:  
Индексі 080200, Аса ауылы,  
Абай көшесі 78-үйі.